

D TУАҒА



ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАРАБОЗЫ

Мұрат Жұрынұлы Жұрыновтың есімі Қазақстан ғылымына алтын әріптермен жазылған. Биыл Мұрат Жұрынұлы 80 жасқа толды. Ол саналы ғұмырын Қазақстан ғылымын дамытуға және қоғамға қызмет етуге арнады.

ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынұлы өз естеліктерінде былай деп жазады: «1959 жылы мектепті бітірген кезде мен мамандық таңдауда қиналған жоқпын. Мен тек химик болуды армандадым! Менің кіндік қаным тамған Арыс қаласы теміржолшылар қалашығы болғандықтан, әкем маған: «Ұлым, сен инженер-теміржолшы болуың керек», - дейтін. Сөйтіп, мен Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технологиялық институтына құжаттар тапсырдым». Осылайша, Мұрат Жұрыновтың - Қазақ химия-технологиялық институтының (ҚазХТИ), қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенті әрі түлегінің ғалым ретінде қалыптасу тарихы басталды.

ҚазХТИ бітірген соң, ең үздік түлектердің бірі ретінде М.Жұрынұлы өзі оқыған жоғары оқу орнында оқытушылық қызметке қалдырылды. Содан кейін Д.И.Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институтының (қазіргі Ресей химия-технологиялық университетінің) аспирантурасында ғылыми-педагогикалық жұмысын жалғастырды.

1970 жылы қаңтарда Д.И.Менделеев атындағы РХТУ-да «Электросинтез ненасыщеных углеводородов на

«Кейбір табиғи қосылыстар негізіндегі фармакологиялық белсенді заттардың электросинтезі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Профессор өзінің кәсіби қызметі арқылы М.Әуезов атындағы ОҚУ электрохимия ғылыми мектебінің негізін қалады. Мұрат Жұрынұлымен бірге жұмыс істеу құрметіне ие болған кез келген адам оның таңғажайып энергиясын, ғылыми харизмасын сезіне біледі. Ғылымның дамуын бірнеше жыл бұрын жоспарлап, болжай білген нағыз ғалым өз айналасына пікірлестер тобын жинай алатын, оларды жаңа жетістіктерге шабыттандыра білетін ерекше қабілетке ие болды.

Сөйтіп, ҚазХТИ ғалымдарымен бірге Мұрат Жұрынов «Әлсіз электролит ерітіндісінде өсімдік шикізатынан құнды алкалоидтар мен стероидтарды электрофоретикалық экстракциялау әдістері мен технологияларын» дайындады. 1979 жылы Шымкент химия-фармацевтикалық зауытында жартылай өнеркәсіптік сынақтар табысты өткізілді. Сонымен қатар қорғаныс өнеркәсібінде қызығушылық тудыратын мыс, темір және кобальт фосфидтерін өндірудің жаңа әдістері мен технологиясы пайда бол-

сылыстар негізінде электрохимиялық синтездеудің жаңа әдістерін жасауға арналған.

Ғылым, техника және білім беруді дамытудағы ерекше еңбегі үшін 2003 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. «Парасат» (2005) орденімен, III дәрежелі «Барыс» (2011), II дәрежелі «Барыс» (2016) ордендерімен және бүкілодақтық және республикалық органдардың құрмет грамоталарымен және халықаралық сыйлықпен (Анкара, 2001ж.) марапатталды. Ғылымдағы үздік жетістіктері үшін Франция ғылыми-өндірістік қоғамының (Париж, 2003), Украина ҰҒА жанындағы «Алтын Фортуна» ғылыми қоғамының (Киев, 2005) алтын медальдарымен, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының «Рыцарь науки и искусства» құрмет белгісімен және РФ «Разум, честь, доблесть» орденіне (Мәскеу, 2013) ие болған. Джорджтаун университетінің (АҚШ), Токио университетінің (Жапония) және еліміздегі жоғары оқу орындарының құрметті профессоры және Халықаралық ғылым академияларының академигі.

М.Ж.Жұрыновтың тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономика-

1970 жылы қаңтарда Д.И. Менделеев атындағы РХТУ-да «Электросинтез ненасыщенных углеводородов на основе диенов» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, ол Қазақстан жоғары мектебінің нағыз ғалымы және педагогі ретінде өзі бітірген ҚазХТИ-дің «Электрхимиялық өндіріс технологиялары» кафедрасына оралды.

1970 жылдан бастап, ең алдымен, М.Жұрынов органикалық қосылыстардың электрохимия зертханасын құрып, ғылыми мектепті дамытуға күш салды. Сонымен қатар оңтүстік өңірдің жас ғалымдары үшін алғаш рет аспирантураны ашты. Осы зертхана аясында ол органикалық қосылыстардың әртүрлі сыныптарының электрохимиялық қасиеттерін және табиғи қосылыстар негізінде биологиялық белсенді заттардың электросинтезін зерттеу бойынша ғылыми зерттеулерді басқарды. Органикалық қосылыстардың, оның ішінде биологиялық шығу тегінің электрохимиялық әрекетіне зерттеулер жүргізіліп, белгілі дәрілік және жаңа физиологиялық белсенді заттардың электрохимиялық синтезінің жаңа әдісі әзірленді.

Сондай-ақ алғаш рет заманауи вольтамперлік, спектрлік және кванттық-химиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, электрохимиялық реакциялардың механизмдері анықталды. Нәтижесінде мақсатты өнімдерді (опиан қышқылы, пахикарпин, афиллин, сальсолин, соласодин туындылары және т.б.) электр синтездеуге арналған өнеркәсіптік қондырғы әзірленді.

1977 жылы кафедра базасында органикалық қосылыстар электрохимиясы бойынша ІІ бүкілодақтық конференцияның (ЭХОС-77) өткізілуі Шымкент органикалық және табиғи қосылыстар электрхимиясы мектебін Одаққа танымал етті. Конференцияға профессорлар - Леонид Феоктистов, Сталь Майрановский, КСРО ҒА электрохимия институтынан Степан Жданов, ММУ профессоры Олег Петрий, профессор Михаил Фиошин және Лениндік сыйлықтың лауреаты - МХТИ профессоры Андрей Томилов және тағы басқалар қатысты. Шымкент фармацевтикалық және фосфор зауыттарымен жасалған шаруашылық келісімшарттар есебінен электрохимия бойынша аспирантура және биологиялық белсенді заттардың электросинтезінің ғылыми зертханасы ашылды.

Ғалым табысты ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде 1981 жылы Д.И. Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық институты жанындағы мамандандырылған кеңесте

шылық тудыратын мыс, темір және кобальт фосфидтерін өндірудің жаңа әдістері мен технологиясы пайда болды. Шәкірттерімен бірге нанокристалды ультрадисперсті металл ұнтақтарын алудың бірегей электрохимиялық әдістері жасалды. Олардың біріне (мыс ұнтақтары) авторлардың аты берілді (Баешов-Жұрынов әдісі, авторлық куәлік № 1441833, 1989). Осы жаңалығы үшін ол «КСРО өнертапқышы» медалімен марапатталды.

Жұрынов ғылым жолында үнемі ізденісте жүрді. Оның басшылығымен «Ағынды және ластанған суларды ағынды электролизерде әртүрлі жиіліктегі айнымалы ток металл сынықтары болып табылатын кесек электродтармен өңдеу әдісімен тазарту технологиясы» жасалды. Электрхимиялық ерімейді деп саналатын металдарды – титан, алюминий және т.б. анодты еріту әдістері айқындалды. Сонымен қатар жаңа құбылыс анықталды – металдардың постэлектролиздік автоматты түрде еруі, яғни, титан (немесе басқа оңай сіңірілетін) электрод анодты ток көзінен ажыратқаннан кейін де белсенді түрде ери береді. Мұндай процесс әлемде алғаш рет ашылды.

Ғалым фосфор өнеркәсібінің қосалқы өнімдері мен қалдықтарын – феррофосфор мен фосфор қойыртпағын өңдеудің бірегей электрохимиялық әдістерін ойлап тапты. Бұл ретте резеңке-техникалық өнеркәсіпте пайдаланылатын темір фосфаты, сондай-ақ жоғары сапалы болат өндіруде қоспаушы элементтер ретінде қолданылатын вольфрам, молибден және ванадий алынды.

2019 жылы академиктер М.Жұрынов пен А.Баешов, сондай-ақ жас ғалым Г.Изтілеуов «Титанның қышқыл су ерітінділерінде постэлектролиздік постполярлаудың еру құбылысы» бойынша кезекті жаңалық ашты.

Академик отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 770-тен астам ғылыми еңбектердің, оның ішінде 20 монографияның авторы, 143-ке жуық авторлық куәліктер мен патенттерге ие. Оның ғылыми жетекшілігімен 40-қа жуық ғылым кандидаты мен PhD-докторлары, 6 ғылым докторы даярланды. Олардың үшеуі ҚР ҰҒА академиктері мен корреспондент-мүшелері болып сайланды. Бұл ғылым ордасы шын мәнінде «Мұрат Жұрыновтың ғылыми мектебі» деп аталады.

Оның негізгі ғылыми еңбектері органикалық қосылыстардың электрохимиялық әрекетін зерттеуге және белгілі және жаңа физиологиялық белсенді заттарды, негізінен, табиғи қо-

лым академияларының академигі.

М.Ж.Жұрыновтың тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саласын дамытуға қосқан ең үлкен үлесі – Түркістан қаласындағы ірі университетті құруы және дамытуы. 1991 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен ашылған Қ.А.Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры болды. Оның бастамасымен бұл университет Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті болып қайта құрылды.

Ол басқарған 10 жыл ішінде оқу ордасы еліміздің жетекші университеттерінің қатарына кірді. Оның табандылығымен университет қалашығы салынды. Мұрат Жұрыновтың еліміздің тұңғыш халықаралық университетінің ректоры ретінде әрқашан ЖОО-ның қоғамға қызмет етуі керектігін айтып келеді. Бұл қызметті қазіргі таңда университеттің үшінші миссиясы деп атайды.

2003 жылдан бері ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының президенті лауазымын абыроймен атқарып келе жатқан М.Жұрыновтың ғылыми таланты мен жоғары кәсібилігі, құзыреттілігі ерекше құрметке лайық. Өткенге көз жүгіртер болсақ, академик Мұрат Жұрыновтың бүкіл өмірі – бұл ғылым дарабозы мен ғылым көшбасшысының жолы екенін көруге болады. Сондықтан оның еңбек жолы әрқашан Қазақстан ғылымының болашағын ойлайтын және ол үшін алаңдайтын, тұрақты және қазіргі қоғам игілігі үшін аянбай еңбек ететін шынайы патриоттың үлгісі. Мұрат Жұрыновтың 2020 жылғы ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясында «Бізге әлдекімнен нақты бір нәрсені үйренудің қажеті жоқ, ал дамыған елдердің озық идеялары мен тәжірибесін үйрену – бұл басқа мәселе. Оларды алдымен зерттеп-зерделей отырып, Қазақстан жағдайына бейімдеу керек, содан кейін ғана бұл істі тәжірибеге біртіндеп енгізуді осы саладағы жетекші және танымал ғалымдарға сеніп тапсыру керек», - деп атап өтті.

Мұрат Жұрыновтың 80 жылдық мерейтойымен және ҚР ҰҒА-ның 75 жылдығы қарсаңында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы атынан денсаулық, қажырлы қайрат, Қазақстан ғылымы мен білімінің игілігі үшін атқарған еңбегіне жаңа табыстар тілейміз!

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
Басқарма төрағасы-ректоры**